



Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Факультет: Медицина

Тақырыбы: **Медициналық этика**

Қабылдаған: Жолдас Клара

Орындаған: Ирисбекова Н.

Тобы: ЖМ - 127

ДӘРІГЕРЛІК ДЕОНТОЛОГИЯ

Әрбір тарихи кезеңде әділет, абырой мен парыз ұғымдарында өзінше түсінік қалыптасқан.

Медицина - ең ежелгі мамандықтардың бірі. Ол ем қолданып, шипа дарытудың бай тәжірибесін менгеріп, адам іс әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленеді. Медицинаға да әлеуметтік-саяси құрылысқа байланысты қалыптасатын өзіндік ахлаки және адамгершілік жосындар тән болмақ. Көне замандардан бері дәрігерлікпен шұғылданатын адамдарға айрықша адамгершілік талаптар қойылып келеді. Ежелгі дәуір медицинасында дәрігерлер басшылыққа алуға тиісті адамгершілік талаптар мен ахлақи жосындардың тұтас бір жиынтығы қалыптасқан.

Дәрігер беделіне жете мән берген ежелгі дәуір медицинасының негізін қалаушы Гипократтың (б.д.д. 460-377 жж..) адамгершілік қасиеттері кең таралды. Арада едәуір уақыт (2500 жылдан астам) өткеніне, әрі заманның ғылыми жетістіктеріне қарамастан, кейінгі деонтологиялық қағидалардың барлығы, тіпті қазіргілері де «Гиппократ антының» мазмұнын бұлжытпай қайталайды.

Орта ғасырлар кезінде медицина қызметкерлерінің мінез құлқына философ, ғалым Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) жеке қоңіл бөлген. Авиценна медицина ғылымында өшпес із қалдырған ғұлама емші болды. Оның «Канон врачебной науки», - атты негізгі еңбегі бес ғасыр бойы (XII-XVII) шығыстың да, батыс еуропа елдерінің де, медицина университеттерінде оқытылып келді және 35 рет қайта басылып шықты. Авиценна, дәрігер айрықша тәндік және рухани қасиеттерге -сұңқардың қырағылығына, қыздай жұмсақ қолына, жыланның даналығы мен арыстанның жүректілігіне ие болуға тиіс, - деп есептеді.

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасы көптеген нормалармен, ережелермен және салт-дәстүрлермен реттеледі.





Этика — адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады. Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы ХІХ ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болтан жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.

MedicalPlanet.su
— медицина для вас.



ДӘРІГЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады.

«Дәрігершеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл - дәрігердің бойына біткен «клиникалық ойлау жүйесі» деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс. Яғни, дәрігердің мінез құлқына, алдына келген ауруды қабылдай біліп, мұқият, әрі толықтай тексеруіне, лайықты қортынды жасауына тікелей қатысты нәрсе. Дәрігер ауру адамға көмек көрсетіп, оны сырқатынан айықтыруға, еңбек ету қабілетін қалпына келтіріп, ажалдан арашалап калуға жаралған. Бұл үшін ол өз мамандығын сүйіп қана қоймай, кәсіби шеберлігін де ұдайы арттырып отыруы тиіс. Тек жеткілікті клиникалық тәжірибесі бар дәрігер ғана тиімді көмек бере алады.



Медициналық деонтология дәрігерлік қызметтің адамгершілік нормаларын зерттеуші білім саласы ретінде қоғамдық мораль мен этиканың құрамдас бөлігі болып саналады. Дәрігердің іс әрекетіндегі деонтологиялық қағидалардың орындалуына бақылау жасау моральді-этикалық өлшемдер, қоғамдық пікір арқылы жүзеге асырылады. Бұл қағидалар ресми нормативтік актілерден гөрі, әр дәрігердің ар-ожданына, дүние танымына негізделеді. Деонтологиялық қағидалардың өміршендігі, оған бақылау жасаудың тиімділігі нақ осыларға сүйенеді. Заң баптарын кейде орағытып өтуге болатын шығар, ал өз ар-ожданыңды алдап-арбауға немесе тайдырып кету әсте мүмкін емес.

Медициналық деонтология мораль мен этика туралы ғылымның бір бөлігі ретінде қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайлармен, үстемдік құрушы идеологиямен, сондай-ақ медицинаның ғылыми және тәжірибелік даму деңгейімен тығыз байланыста. Бұрынғы КСРО республикасында, соның ішінде біздің елімізде қоғамдық, құрылыстың өзгеріп, коммунистік идеологияның жойылуы медициналық деонтологияның алдына жаңа міндеттер мен мәселелерді қойып отыр.



ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАС

Емдеу жұмыстары барысындағы дәрігер мен науқастың өзара қарым-қатынасының моральді-этикалық мәселелері деонтологияның маңызды тармағы болып табылады. Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды, не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне, осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады. Емдеу мекемесіндегі орта мен ахуал науқастардың көңіл-күйіне, сайып келгенде, емдеу ісіне зор ықпалын тигізеді. Бөлімшедегі жалпы жай ахуалдың да маңызы зор. Егер науқас ұқыпты да, мұқият жұмыс істеп отырған медицина қызметкерін көрсе, көңілі орнығып, табалдырықтан сеніммен аттайды. Егер де, науқас тек жоғары білікті маманды ғана емес, сонымен қатар жаны жайсаң, жүрегі ізгі жанды керсе, қамкор пейілін сезінсе, онымен бүкпесіз байланыс жасайды, ал мұның өзі емнің шипалы болуына септігін тигізеді.



Аурухананың хирургиялық бөлімдері, өзге бөлімдерге Қарағанда, өзінің қаталдау сипатымен ерекшеленеді. Мұндай қаталдық, әдетте, тазалықты, асептикалық және антисептикалық қағидаларды сақтау қамынан туындайды. Әлбетте, тазалық барлық жерде, әсіресе, хирургияда керек. Алайда, нақ сол тазалықты науқастар жүріп тұратын орындардың - бөлмелердің, холлдар мен тынығу мүйістерінің интерьерлерін көңіл жұбанып, көз қуанарлықтай әсем де, жылышырай безендіру арқылы да, сақтауға болады ғой. Операция жасайтын, жараны таңатын бөлмеде, ем кабылдау бөлмесінде, т.б. медициналық ем шаралары қолданылатын орындарда асептикалық және антисептикалық шарт қатаң сақталуы тиіс. Ал басқа орындарда, мейлінше оңтайлы ахуал орнатып, кәдуілгі үйшілік жағдайға жақындатып қойған жөн. Мәселен, декоративті өсімдіктер, аквариумдар науқастардың уайым-мұңын сейілтіп, сырқатын бір сәтке ұмытуына, көңілін сергітуіне әсер етеді. Өздігінен жүріп тұратын науқастардың тынығып, келушілер-мен жолығуы үшін, әсем безендірілген холлға жұмсақ кілем төсеп, жайлы дивандар мен креслолар, аласа үстелдер, гүлдер койса артық болмайды.

Бөлмелер науқастардың жүріп-тұруына, мазасыз демалуына қолайлы, үйреншікті тұрмысын еске саларлық әдеппен жасақталуы тиіс. Тұрмыстық жағдай жасаумен қатар, науқастардың психикасына эстетикалық, сезімдік тұрғыдан да әсер етіп, олардың көңіл-күйін көтеруді, сезімін сергітуді де ұмытпаған жөн.

Хирургияда микробқа қарсы асептикамен қатар, психологиялық асептиканы да сақтау кажет; ол тікелей жараның асқинуына әсер етпегенімен, науқастың психогенді жарақаталуына себепкер болуы мүмкін. Бұрынғы науқастардан қалған қанның дақтары, іріңі баттасқан мақта, дәке кесінділері кейін келген ауру адамға кері әсер етіп, қозу күйіне ұшыратуы мүмкін. Сондықтан, келесі науқасты бөлменің ішін жиыстырып, тиісті тәртіпке келтірген соң, шақырған жөн.



Науқас бөлімшеге түскен бойда оны емдеуші дәрігер қарсы алып, бүкіл медициналық тексеруден өткізеді, ем колданып, оның нәтижесіне жауап береді. Сондықтан, емдеуші дәрігер науқас адам туралы, оның өмірі мен тұрмысы, жүргізілген диагностикалық тексерулердің нәтижелері, өзінің сырқатын сезінуімен ой толғанысы туралы бәрін біледі. Осындай жағдайларға орай, емдеуші дәрігер стационарға келген кезінде, ауру адам үшін ең жақын жанға айналады, оған әлгі науқас жан тәнімен сеніп, өзінің уайымы мен ой күдігін жасырмай айтады. Емдеуші дәрігер кез-келген мекеменің буыны, бетке ұстар беделі болып табылады. Сондықтан, дәрігерге құрметпен карап, жоғары беделге жетуіне колдау корсету аурухана әкімшілігінің де, клиника басшылығының да, маңызды міндеті саналмақ. Әрине, емдеуші дәрігерлер әркилы болады, олар бір-бірінен жеке, кәсіби қаситтерімен ерекшеленеді. Олардың кейбіреулерінің кателік жіберетін кездері де кездесіп қалады, сонда олардың қызметін объективті түрде бағалау, тіпті әділ жазасын беру қажеттігі туындауы мүмкін. Бірақ мұның бәрі науқастар назарына жетуге, палата дәрігерлерінің беделіне нұқсан келтірілмеуі тиіс. Осынау өзекті деонтологиялық кагиданы барша жұрт барлық жер, әсіресе клиникалар мен ауруханалардың басшылары қатаң сақтауы тиіс.





Назарларыңызға рахмет !!!